

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

Мерекелік ертенгілік

**Тақырыбы: «Қош келдің, Әз наурыз»
«Бәйтерек» ортаңғы тобы**

Өткізген тәрбиеші: Дүзбаева Т.С

Мекермекер
Жан

Тақырыбы: Қош келдің, Әз Наурыз!

Мақсаты: Наурыз айының шығыс халықтарында жыл басы саналатындығын сәбилер санасына жеткізу. Наурыздың 22 - сінде күн мен түннің теңелетіндігін, одан кейінгі күндері күннің ұзарып, түннің қысқаратындығын айтып түсіндіру. Балаларға Наурыз мерекесін қалай айтып түсіндіру. Балаларға Наурыз мерекесін қалай атап өтетіндігін таныстыру. Ұлттық салт - дәстүрлерді құрметтеп, оларды мақтан етуге тәрбиелеу.

Тәрбиеші:

Наурыз айы жүректерге нұр сепкен,
Мандайымнан сүйіп жатыр нұр көктем
Жарығымен, шуағымен Күн - Ана
Алып келдің жер бетіне нұр көктем!

Жер шарын мекендеген ұлттар мен елдердің сан түрлі мейрамы бар. Ал Наурыз - қазақ халқының шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Бұ күн мен түн теңелетін мереке. Сондықтанда халқымыз Наурызды «Жыл басы», «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды.

Қазақ халқының күнтізбесі бойынша Наурыз мерекесі көктеммен бірге келеді. Өйткені көктемде жер дүние жасарып, жаңарады, өмірге қайта келеді. Осы тіршілікпен бірге, адамдардың да өмірі жандалады, жайнай түседі. Ұлыстың ұлы күнін, яғни төл мейрамымызды қазақ халқының ұлттық биімен ашқымыз келіп отыр

Би: «Қазақ биі»

Т:- Балалар біздер қандай мерекені тойлап жатырмыз?

Б: - Наурыз мерекесін тойлап жатырмыз.

Тәрбиеші: Ой балалар жарайсыңдар, бәрекелді. Осындай мереке күні ауылдан, әжелеріміз Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесімен құттықтап қонаққа келе жатыр екен.

Әжелер ауылға музыка ырғағымен кіріп келеді. Онда көже ішіп отырған аталар мен балалар орындарынан тұрып қарсы алды. Әже балаларға наурыз көже ұсынады.

Тәрбиеші: Әже, Наурыз көже өте дәмді екен. Оны қалай дайындадыңыз?

Әже: Қарақтарым. Наурыз көже Наурыз мейрамының негізгі тамағы.

Оған 7түрлі тағам қосылады. Олар: қыстан қалған сүр, айран, сүт, тұз, құрт, тары, бидай. 7саны киелі сан. Ал наурыз көже тоқшылық белгісі.

Тәрбиеші: Ал, құрметті халайық, бесікке салу рәсіміне кезек берейік.

Ендігі кезекте теңге алу ойынына кезек берейік

Би: «Бәйге»

Тәрбиеші: Жаңғыртқан дәстүрімізді рахмет елім,

Тербетсін шаттық әні қазақ жерін

Той бастаған қадамын құтты болсын,

Дәстүрлі тамыр алып, өркен жайсын

Қош болыңыз, Наурызым ардақты

Халқым саған бар үмітін жалғапты!

Жылда осылай келе берсін жарасып!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Наурыз береке – бірлік әкелсін! Сау болыңыздар!

